

Дәріс7. Білім берудің мазмұны

Педагогикада білім беру мазмұны - жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту барысындағы ғылыми негіз ретінде қарастырған және жүйелі түрде білім алуы, ақыл-ойы мен сезімін дамыту.

Білімді адам дегеніміз - ақыл-ойы жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, қабілетті, өз пікірін дәлелдей алатын, болашақты болжай отырып, жедел шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны айтуға болады.

- Я.А.Коменский оқытуды технологияландыруды жақтады. Ол оқытудың «механикалық болуын, оқытудың қанағаттандыратын нәтижелеріне әкелетін жол іздеуге тырысты. Я.Л. Коменский «Дидактикалық машинаға: бірінші-нақты қалыптасқан мақсат; екінші- мақсатқа жету үшін нақты бейімделген амал; үшінші- амалдарды қалай қолдануды түсіндіретін нақты ережелерді табу керек деп жазды. Коменский дәуірінен бері оқытуды технологияландыру туралы ойлар толықтырылып, нақтыландырылды. Оқыту технологиясына жаппай енуді зерттеушілер 60- жылдардың басына қарай бастады.Шетелдің педагогикалық технология бойынша танымал авторларына ДЖ. Кэрролл, Б.Блум, Д. Брунер, Г.Геис т.б. жатады. Оқыту технологиясының жолдары Ресейлік авторлардың П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызин, Ю.А. Бабанский, М.В.Клариннің т.б. ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

- Қазіргі кезде оқытудың библиоверситік теориясы алға шығуда. Сонымен қатар оқытудың прагматикалық теориясының өкілдеріне: У.Джеймсом, Д.Дьюи жатқызамыз. Ал, оқытудың прагматикалық емес теорияларын жақтаушылар қатарында: А. Маслоу, Т.Роджерс, Н. Тейлент және т.б. бар. Ф.Бэконн ұсынған. Л.В. Занков программалық материалды меңгерудің дұрыс екенін айтты. Дамыта оқыту технологиясын Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов және олардың көптеген шәкірттері дамытуға үлесін қосты. Д.В. Эльконин білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере оқытып, оқытуға жүйелі әрекеттестік бағыттың негізін қалады. Дамыта оқыту технологиясының дидактикалық идеяларға әр түрлі сабақтағы әрекеттік ситуациядағы оқушылардың рефлексиясын жеделдету идеясы да енді.

- Ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезеңдік технологиясы П.Я. Гальперин, Д.В. Эльконин, Н.Ф. Талызин теориясының негізінде жасалған. Осы теорияның авторлары білім, шеберлік пен дағды адамның әрекетінсіз меңгерілмейтіндігін, сақталмайтындығын түсіндірді. Практикалық әрекет нәтижесінде адамда мақсат, жоспар әрекетті, орындау тәсілдері туралы негіз қалыптасады. Сондықтан әрекетті қатесіз орындау үшін адам болып жатқан әрекеттің қандай аспектісіне көңіл аудару керек, нәтижесінде не болатындығын білуі қажет деп санаған. Бұл жағдай ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезеңдік теориясының негізін құрайды.

- ХҮІІІ ғасыр аяғы ХІХ ғасырдың басында білім беру мазмұнының ғылыми теориялары қалыптаса бастаған. Алғашында материалдық сипатта, дидактикалық материализм немесе энциклопедизм теориясы деген атпен белгілі болды. Бұл бағытты ұстанғандар білім берудің негізгі мақсаты, оқушыларға ғылымның әртүрлі саласынан көлемді білім беру деп ұсынушылар болды. Осы мәселе төңірегінде Я.А.Коменский өз еңбектерінде, дидактикалық материализм теориясы тұрғысынан қарастырған. Сол сияқты ХІХ ғасырдағы көптеген педагог ғалымдар да білім беру мазмұнын құрастыруда материалдық теорияны жақтаған. Қазіргі кездің өзінде оқу жоспары мен оқулықтарға талдау жасауда осы теорияны басшылыққа ұстанып келеміз.

- Яғни, бұл теория өзінің құндылығын жойған жоқ деген қортынды жасай аламыз. Екінші теория, білім мазмұнының формальды теориясы. Бұл теорияны ұстанушыларға: Героклит, Цицерон, Кант, Песталоцци, Дистервег және тағы басқа ерте кездегі педагог-ойшыларды жатқызуға болады. Мысалы, Героклиттің тұжырымы бойынша: “Адамды оның көп білімі, ақылды етпейді”- деген. Мұны, Цицерон да қолдаған. Аталған теорияның негізгі қағидаларын - И.Кант, Песталоцци философиялары құрайды. Олардың тұжырымы бойынша оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың дұрыс ойлау қабілеттерін жақсарту. Бұл туралы А.Дистервег өзінің “Неміс оқытушыларына басшылық” –атты еңбегінде өзіндік көзқарасын білдірген. Ол, білім беру мазмұнын қарастыру барысында оқушылардың танымдық-қызығушылық іс-әрекеттеріне көңіл бөлу,ақыл-есі, ойлау қабілеттерін ескеру қажеттігіне мән беру керек деген.

- Формальды оқытуды жақтаушылар да, алғашқылар сияқты оқытудың субъективтік жағының мәнін жете бағалаған. К.Д. Ушинский алғашқылардың бірі болып, екі теорияны да сынға алды. Ол, “Ойды ат үсті дамыту нағыз тиянақты білім бермейді”- дей отырып, алдымен адамды білім жағынан сусындатып, алған білімдерін игерту қажеттігіне мән берілуі тиіс екендігіне тоқталған. К.Д. Ушинский білім беру мазмұнын таңдау барысында материалдық және формальдық әдістерді бірлікте қарастыру идеясын ұсынған.

Білім мазмұнының негізгі компоненттері

Қазіргі өзіміздің өмір сүріп отырған демократиялық қоғамда еркін, шығармашылық- танымдық тұрғыдан ойлай алатын адамдарды қалыптастыру міндетіне сай білім беру мазмұнында қолданыста бар үш түрлі тұжырымдамалар бар. Мысалы, ғылымдар негізінде педагогикалық бейімделу мектептің оқу-тәрбие процесінде іске асырылады. Яғни, құндылық қасиеттердің жаңа түрлері қалыптастырылады, дамытылады. Білім мазмұны өндіріспен байланыстырылады, демек білім адамға әсер ететін өндірістік фактор ретінде сипатталады.

И.Ф.Харламов білім беру мазмұнының келесі тұжырымдамасында білім алушылар меңгеретін білім, дағды, іскерліктері тұтастықта қарастырылады.

- Оқыту, үйрету барысында білім алушылар міндетті түрде білім мазмұнының құрамы ретінде дүниетанымдық және адамгершілік, эстетикалық идеяларды түсінуі қажет, деп санайды. Әрине, мұнда адамзаттық мәдениеттің барлық құрамы талданбаған, сондықтан да білім,білік, даңдының негізі сипатын ашпайды. Білім мазмұнының негізгі компоненттері, жоғарыда айтылған мәдениет түрлерін қалыптастыруға тікелей байланысты.
- Білім беру мазмұнының тұжырыдамасындағы мақсат-гумандық тұрғыдан ойлауға, әлеуметтік тәжірибенің барлық құрылымдық бөліктерінде педагогикалық бейімделуіне сай келеді. Білім мен тәжірибені іске асыру барысында аталмыш тұжырымдама шығармашылық-танымдық іс-әрекеттік және құндылық эмоционалдық қатынас тәжірибесін енгізеді. Әрбір осы аталған тәжірибелер білім беру мазмұнының өзіндік түрі ретінде есептеледі. Яғни:

- табиғат, қоғам, техника туралы білім, ойлау және оны іске асыру қабілеті. Осы білімдерді меңгере отырып білім алушы дүниенің шынайы бейнесін қалыптастыру, танымдық іс-әрекетінде дұрыс әдіспен қамтамасыз етеді;
- белгілі іс-әрекет тәсілдерінің арасында тұлғаның дағды, іскерлік білімді игеруі, тәжірибені кеңейте түседі;
- шығармашылық ізденушілік әрекет қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады. Бұрыннан белгілі іс-әрекеттерді қалыптастырудың жаңа әдістері алған білімін- іскерлігін қазіргі жағдайда іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін өздігінен іске асыруды талап етеді. Әрбір адамның қалыптасуының көрсеткіші ретінде белсенділігі және өзіндік дамуы кішкене кезінен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу барысында қалыптасады, бірақ білім беру мазмұнында оны бағдарламаға енгізу керек. Яғни, қоршаған ортаға, алған біліміне байланысты әрбір адамның құндылық дүниесі қалыптасады.

Білім беруді ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері мен түрлері

- Дәріс – Ежелгі Гректерде пайда болып, орта ғасырларда Ежелгі Римде одан әрі дами бастады. Алғаш латын тілдерінде жүргізілді. Пән мұғалімі кітаптар оқыды, мәтінге өз тарапынан көзқарас білдірді. Ортағасырлық университеттерде таңертең қарапайым түрде дәрістер оқылды, ал кешке – қысқаша түрде қайталанып отырды. Дәрістен шыққаннан кейін студенттер бірлесе отырып дәрістің мазмұнын еске түсіріп талдаулар жасайды.
- Дәріс (латын тілінен «lectio» - оқу) жоғары оқу орындарында дәстүрлі және басқаратын оқытудың түрі.
- Дәріс – монолог ретінде жүзеге асатын жауапты пубрикалық қойылым болып табылады. Дәріс беруші аудитория (студенттер) алдында түзетусіз “таза” сөйлеуі қажет. Жазу столында жіберген қателікті оңай сызып тастай алсақ, дәрісті оқу барысында қате жіберу мүмкін емес. Бұның бәрі дәріс берушіден лекцияға дайындалу кезінде тіл және баяндау стилімен көп жұмыс істеуді талап етеді.

- Мазмұндаманың қарапайымдылығы мен жеңілдігі жоғары мектептегі дәрістің басты жетістігі болып табылады. Анық емес және бұрмаланған мазмұндаманың екі себебі бар: 1) дәріс берушінің мазмұн, мәтінді терең түсінбеуі; 2) тыңдаушыларға қарапайым түрде жеткізе білмеуі.
- Дәрістің қарапайымдылығы мен түсініктілігі мазмұндаманың қысқа болуымен тығыз байланысты. Ғылым тілі қысқа. Академиялық дәрісте көп нәрсе айтуға болады, бірақ көп сөйлеуге болмайды. Дәріс берушінің ұзақ мағынасыз сөзі тыңдаушыны жалықтырады және шаршатады. Дәрісті оқу шаблонды болмауы қажет. Дәрістің формасы бірқатар жағдайларға және ең бастысы материал мазмұны мен тақырыбының сипатына байланысты болады. Дәрістегі шаблон дәрісшінің оқылатын дәрісті дайын кітаптағы фраза түрінде беруге де болады.

Дәріске қойылатын талаптар:

- Құрылымдық жоспарын құру және сұрақтарды қисынды етіп қойып, оған нақты жауап беру.
- Теоретикалық өзекті мәселелерді анықтап алу.
- Теоретикалық білімді өмірмен байланыстыру.
- Нақты дәлелдер мен дәйектерді жеткілікті мөлшерде қолдану.
- Логикалық фактілерді келтіре отырып, студенттердің қызығушылығын арттыру, өздік жұмыстарға бағыт беру.
- Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму сатыларын және солардың жақын уақытта даму барысын болжай білу.
- Материалға арнап әдісті өңдеу.
- Жан – жақты демонстрациялық оқытуды пайдалану.
- Қарапайым да, түсінікті тілмен жеткізу, кездескен жаңа терминдердің мағынасын ашып беру.
- Дәрістің негізіндегі ойды, қызықты, қисынды сұрақтармен жеткізу , анық, дәл, есте қаларлықтай әрекет жасау. Студенттердің күш – жігерін, қызығушылығын баурайтындай ету, ойды – ойға жалғастыру өзекті ойдың дамуына қол жеткізу қажет.

Білім берудегі дәстүрлі оқытудың түрі: семинар

- Семинар – латын тілінен енген (seminarium)- білім қалыптастырушы, ойды негіздеуші. Студенттердің таным процесінде жанданады. Ежелгі Грецияда алғаш студенттердің арасында пікірсайыс , оқытушы мәліметімен, қорытындысы түрінде пайда болған, орта ғасырларда университеттерде апта сайын педагог пен магистрлік дәрежеге ие болғандар диспут түрінде жүргізген. XVII ғасырларда Батыс Европада қолдана бастады.
- Семинарды өткізудің мақсаты – тәртіп бойынша білімді тереңдету. Білім алушыларға өзіндік ізденіс дағдысын қалыптастыру, ақпаратқа анализ жасауға және ғылыми ойлаудың дамуын қалыптастыру. Семинар- шығармашылық пікір сайыстарға қатысуға, дұрыс шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарас танытуға мүмкіндік береді.

- Семинарды өткізудің негізгі міндеті: дәрісте алған білімді бекіту, өзіндік жұмыстардың тиімділігі мен нәтиже беруін тексеру, алдағы мәселені шешуде өзіндік мүмкіндіктерді көрсете білуге машықтандыру;
- Семинар белсенді жүргізу үшін ол басқарушылық, пікірсайыстық сипатқа ие болуы қажет. Пікірсайыстық тақырыбын, өзектілігін педагог алдын – ала ойластырады.
- Дәстүрлі семинарлар: пікірталас семинары, рефераттар мен баяндама қорғау т.б. семинарлар болып бөлінеді.
- Рефератты-баяндамалық семинарларда студент баяндама қорғайды. Сұрақ жауап семинарында- педагог таңдауымен студенттің сабақ айтуы, содан кейін кері байланыс орнатылады. Аралас семинар түрінде –студенттер реферат қорғаса, басқа студенттер сұраққа жауап береді т.б. соңында баяндамашы қорытынды жасайды.

